




Серік Әбілдаұлын боз кілемнің бағына туған жігіт деп тегін айтпаған. Заманында халқының сүйіктісіне айналып, сүйсіне қол соққан, жауырыны жерге тимеген палуан ағамыз спорт десе, оның ішінде қазақша күрес десе ішкен асын жерге қоятын жан еді. Ол кісінің өткен өміріне көз жүгіртсек, ауданымызға қарасты Айғыржал колхозында дүниеге келген. Жоқшылық пен таршылық заманды басынан кешірген әкесі 1941 жылы Ұлы отан соғысына аттанып, қанды майданнан оралмаған екен. Анасы балаларына жетімдік көрсетпей, орақпен егін орып, күні-түні еңбек ете білді. Серік аға аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте оқып жүргенде Қарағанды қаласына ауысады. Онда оқи жүріп күрес секциясына қатысады. Жаттықтырушылары Ж.Әкенов пен

күрес чемпионы Е. Тұтқышев тағы басқа шәкірттері жетерлік.

Серік Демесіновтің Айғыржал колхозының төскейінде жер жыртып, дән сеуіп майталман механизатор болғанын Күлтай апамыз бір сәт еске алып, тебірене айтады. Сол кездегі ел басқарған ел ағаларының да ізгілік, өрелі істерін кейінгі жас-



тар естісін, оқысын деп мына бір сәт кезеңді апай айтқан болатын.

- Еңбекшіл ауылын басқарған Төлеуқұл Отыншин бірде



Ш.Харисовтар Серіктің болашағынан зор үміт күтіп, күреске шыңдап баули бастайды. Содан 1955 жылы қалааралық өткізілген еркін күреске туңғыш рет қатысып, өз салмақ категориясы бойынша бірінші орынға ие болып, жүлдегер атанады. Сол жылы Воронеж қаласында жастар арасында өткізілген одақтық чемпионатқа қатысып, бұнда да зор табысқа қол жеткізеді. 1956-58 жылдары екінші рет құрама топпен Орта Азия студенттері арасында Ташкент қаласында өткен жарысқа қаты-

Секең ағаның еңбекқорлығына риза болғаны сондай, екі семіз қойды сойғызып, «мына палуан азаматтың құрметіне сойдым, әрі сабан тойымыз болсын» деп аста-төк дәм дайындатқызып, дастархан жайған екен. Көңілі кіршіксіз таза, жаны жомарт, еліне сондай жайлы болған Төлеуқұл әкеден Серік осындай ілтипат көріп еді, - деп еске алады Күлтай апа, - бұндай жақсылықты ауданды басқарып отырған ел ағалары Камали Дүйсенбеков, Жұмабек Күлейменов, Егінбай Смайылов сияқты жаны

рет құрама топпен Орта Азия студенттері арасында Ташкент қаласында өткен жарысқа қатысып, жеңіске ие болып, чемпион белгісімен марапатталады. Одан кейін Мәскеуде өткен жарысқа жолдама алып, жүлдемен оралады. Сөйтіп, Ресей, Орта Азия елдерінің боз кілемінде әлем таныған Айхановтай азаматтың қатарында еркін күрестен чемпион атанып, Қазақстанның атын аспандатып өткені де бір дәурен еді. 1960 жылы Семейде өткен республикалық жарысқа 16 облыстан және Алматы қаласынан жеке команда қатысады. Әлем чемпионы Дәулет Тұрлыхановтың әкесі Болат Тұрлыхановпен жүлделі орындар үшін болған белдесуде Секең ағамыз жүлделі бірінші орынды жеңіп алып, жеңіс тұғырына көтерілді.

1960 жылы ауданымызда спорт жұмысын жандандыру жолға алынған кез еді. «Қайрақты» ерікті спорт қоғамының төрағасы қызметіне тағайындалады.

Мұнда волейбол, баскетбол, еркін күрес, самбо, қазақша күрес, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ басқа да спорт түрлерінен аудандық жарыстарды жиі ұйымдастырып, жер-жердегі жастарды тарта біледі. Осындай жаттығудан соң ауданымыздың палуандары зор жетістіктерге қол жеткізеді. Осы жылы іріктеу чемпионатында ауданымыздың құрама командасы тағы да чемпион атанады. Семей қаласында өткен жарыста ауданымыздың палуандары облыстың намысын қорғап, екінші орынға ие болады.

Өмір-өзен дегендей, өмірден ерте озған жаттықтырушы ағаның артында ісін жалғастырып жүрген палуан шәкірттері жетерлік. Самбодан, қазақша күрестен жоғары дәрежелі спорт шебері Ж.Ақыжанов, қазақша күрестен спорт шеберлері Қ.Мусин, Т.Садуақасов, жоғары дәрежелі төреші Қ.Әбішев, Югославияда өткен әлем біріншілігінің алтын алқа иегері Д.Адамбаев, қазақша

ған ел ағалары Камали Дүйсенбеков, Жұмабек Күлейменов, Егінбай Смайылов сияқты жаны ізгі жақсылар тарапынан да жасалып, ауданымызда спорттың өрістеуіне көп еңбек сіңірген еді. Олар да Серікке қолғабысын тигізіп, көп көмек көрсетті.

«Ақыл өссе, түпсіз терең жақсылықты сүйемдіктен өседі» деуінен өскен, еңбегі еленген ағаның тағы бір қырын көреміз. Ол «Тың және тыңайған жерді игергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, «Жарыстың жеңімпазы», «Ауыл шаруашылығының жеңімпазы» мақтау қағаздарымен марапатталған. Осындай биіктерден көрінуіне жанұясының да еңбегі зор болды. Жанұядағы адамгершілік пен парасаттылықтың, қарапайымдылықтың асыл өнегесі Күлтай апай екеуінің бойында.

8 бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған. Ұлдары әкеге тартып темір тұлпарды тізгіндесе, қыз балалары дәрігер, мұғалім, экономист мамандығын меңгерген. Неме-ресі Айзада Секең ағаның ерні тиген тұңғышы, ол КарГУ-да ағылшын маманы бойынша білім алуда.

Айғыржалда туып өскен Секеңнің еңбегін өспендіктер де елеп, 160 жылдық мерейтойларына арнап ашылған мұражайға палуанның суретін іліп, ауыл тарихы туралы жазылған кітапқа «Боз кілемнің бағына туған жігіт» айдарымен атын кіргізгені қуанарлық жайт. Ауданымыздың атын аспандатқан, бұл күні бақиға озған аға есімін өзі негізін салған спорт мектебіне беру туралы ұсынысымыз жаңа жыл қарсаңында жүзеге асып, сүйінші хабар жеткізілді.

Міне, бүкіл ғұмырын еңбек пен спортты жандандыруға арнаған жақсының есімі өскелең ұрпақ есінде қалары сөзсіз.

Жақсысын ардақтаған ел ешқашан аласармайтыны белгілі.

**Манап ӘБДІРАХМАНОВА,
ҚР-ның білім беру ісінің
озаты, зейнеткер-ұстаз.**